

2

Ғалымдар тарих
ақтандақтарын
ашуға атсалысты

4

«Қайсар»
түлектеріне
сенім артады

Сыр бойы

№80 (20956) 29 мамыр, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

f www.facebook.com/syrboyi.kz

i www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

X twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



КЕЛІСІМ ӨЗАРА СЕРІКТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУҒА НЕГІЗ БОЛАДЫ

Ақорда резиденциясында елімізге ресми сапармен келген Руанда Республикасының Президенті Поль Кагамеі салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берген соң Қазақстан мен Руанданың аңурандары шырқалды. Салтанатты рәсімнен кейін президенттер келіссөз өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Поль Кагамеіге ілттипат білдіріп, бұл сапардың тарихи мәні зор деп бағалады. Сондай-ақ Қазақстан мен Руанда арасындағы қарым-қатынас жана деңгейге шығатынын жеткізді.

— Сіздің бұл сапарыңыз және алдағы келіссөздер екіжақты ықпалдастыққа тын серпін беру тұрғысынан өте маңызды деп ойлаймын. Руанданың экономикасы қарқынды дамып келеді. Меніңше, өзара байланыстарды нығайта беру қажет. Өйткені Қазақстан — ІЖӨ көлемі, IT технологиялар мен жасанды интеллектті дамыту бойынша өңірдегі көшбасшы ел. Бұл біздің өзара тиімді ынтымақтастығымызды өркендетудің басым бағыттары бола алады. Сондықтан сіздің сапарыңызға ерекше мән беремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Руанда Президенті Мемлекет басшысына қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтып, екіжақты ынтымақтастықты дамытуға ниетті екенін жеткізді.

Елімізге шақырғаныңыз үшін ризашылығымды білдіремін. Мен бұған дейін Қазақстанға 2015 жылы келген болатынымын, бұл — менің екінші сапарым. Өзіңізбен және сіздің команданыңмен бірге екі ел игілігі жолындағы бірлескен жұмысымызды жалғастырудың мүмкіндіктерін қарастырамыз, — деді Поль Кагаме.

Тараптар Қазақстан мен Руанданың саяси, сауда-экономикалық, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы және цифрландыру салаларындағы қарым-қатынастарын дамыту перспективасын талқылады. Сондай-ақ президенттер аймақтық және халықаралық мәселелер туралы пікір алмасты.

Мемлекет басшысы кеңейтілген құрамдағы келіссөз кезінде Астана халықаралық форумына қатысу үшін елімізге келген Руанда Президентінің Қазақстанға 2015 жылы жасаған сапарынан кейін екі елдің өзара құрметке негізделген, ынтымақтастық пен орнықты дамуды көздейтін қарым-қатынасы айтарлықтай табысқа жеткенін атап өтті. Президент Қазақстанның Африка мемлекеттерімен байланысты кеңейтуге ерекше мән беретініне назар аударды.

— Сіздің көреген көшбасшылығыңызбен Руанда даму даңғылына түсіп, институционалды орнықтылық пен болашаққа бағдарланған жаңашылдықтың үлгісін көрсетті. Еліміздің экономикалық өсімі 8 пайыздан асты. Бұл — жаңғыртудың жарқын көрінісі. Осы орайда сіздің еліңізбен ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән береміз. Қазақстан екіжақты тиімді байланыстарды нақты жобалар арқылы ілгерілетуге дайын. Сіздің сапарыңыз барысында қол жеткізілген уағдаластықтар Қазақстан мен Руанда арасындағы қарым-қатынасты жана деңгейге көтеретініне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Поль Кагаме көрсетілген сый-құрмет үшін ризашылығын білдіріп, Қазақстанның екіжақты ықпалдастықты дамытудағы күш-жігеріне жоғары баға берді. Сондай-ақ Руанда мен Қазақстан арасындағы серіктестіктің әлеуетіне тоқталып, екі елдің өркендеуіне және стратегиялық диалогтың нығайтуына ықпал ететін бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

— Бұл — жаңғыртудың жарқын көрінісі. Осы орайда сіздің еліңізбен ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән береміз. Қазақстан екіжақты тиімді байланыстарды нақты жобалар арқылы ілгерілетуге дайын. Сіздің сапарыңыз барысында қол жеткізілген уағдаластықтар Қазақстан мен Руанда арасындағы қарым-қатынасты жана деңгейге көтеретініне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Поль Кагаме көрсетілген сый-құрмет үшін ризашылығын білдіріп, Қазақстанның екіжақты ықпалдастықты дамытудағы күш-жігеріне жоғары баға берді. Сондай-ақ Руанда мен Қазақстан арасындағы серіктестіктің әлеуетіне тоқталып, екі елдің өркендеуіне және стратегиялық диалогтың нығайтуына ықпал ететін бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

— Бұл — жаңғыртудың жарқын көрінісі. Осы орайда сіздің еліңізбен ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән береміз. Қазақстан екіжақты тиімді байланыстарды нақты жобалар арқылы ілгерілетуге дайын. Сіздің сапарыңыз барысында қол жеткізілген уағдаластықтар Қазақстан мен Руанда арасындағы қарым-қатынасты жана деңгейге көтеретініне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

— Бұл — жаңғыртудың жарқын көрінісі. Осы орайда сіздің еліңізбен ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән береміз. Қазақстан екіжақты тиімді байланыстарды нақты жобалар арқылы ілгерілетуге дайын. Сіздің сапарыңыз барысында қол жеткізілген уағдаластықтар Қазақстан мен Руанда арасындағы қарым-қатынасты жана деңгейге көтеретініне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

— Бұл — жаңғыртудың жарқын көрінісі. Осы орайда сіздің еліңізбен ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән береміз. Қазақстан екіжақты тиімді байланыстарды нақты жобалар арқылы ілгерілетуге дайын. Сіздің сапарыңыз барысында қол жеткізілген уағдаластықтар Қазақстан мен Руанда арасындағы қарым-қатынасты жана деңгейге көтеретініне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

— Бұл — жаңғыртудың жарқын көрінісі. Осы орайда сіздің еліңізбен ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән береміз. Қазақстан екіжақты тиімді байланыстарды нақты жобалар арқылы ілгерілетуге дайын. Сіздің сапарыңыз барысында қол жеткізілген уағдаластықтар Қазақстан мен Руанда арасындағы қарым-қатынасты жана деңгейге көтеретініне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ: ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ДАЙЫНДЫҚ

Кеше ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен жылу беру маусымының қорытындылары мен алдағы маусымға дайындық мәселесі талқыланған Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Өткен жылу беру маусымында облыстағы кәсіпорындар штаттық режимде жұмыс істеді, апатты жағдайлар тіркелген жоқ. Жауапты маусым сәуір айында аяқталды. Қазіргі уақытта алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілуде.

Биыл жылмен қамту нысандарын жаңғыртуға 13 млрд 500 млн теңге қаржы жоспарланған. Атап айтқанда, Оңтүстік

қазандықтағы «Воно энерджи» маркалы үш бу қазандығын жаңғыртуға Үкімет резервінен 2 млрд 524 млн теңге, жергілікті бюджеттен 1 млрд 329 млн теңге бөлінді. Қайта жаңғырту жұмыстары қыркүйек айында толық аяқталады.

Сондай-ақ жергілікті бюджет және кәсіпорын қаражаты есебінен 1 генератор, 10 бу және 21 автономды қазандық жөнделуде. Бүгінде жұмыстың 30 пайызы орындалды. Желілерді жаңғыртудың 6 жобасын іске

асыруға бюджеттен 7 млрд 403 млн теңге қаралған. Мердігерлер анықталып, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Қызылордала қуаттылығы 240 мегаватттық жаңа жылу-электр орталығы бой көтерді. Инвесторы «Акса Энерджи» түрік компаниясы құрылысқа 137 млрд теңгеден астам инвестиция құйып, негізгі қондырғылар толық жеткізіліп, орнатылуда. Қазіргі уақытта жұмыстың 70 пайызы атқарылған.

Орталық төртінші тоқсанда іске қосылады.

/// САРАП

ЖҰБАЙЛАР БАР ӘНГІМЕСІ ТАУСЫЛҒАН... НЕМЕСЕ АЖЫРАСУ НЕГЕ КӨБЕЙДІ?



Фото: Ашық дереккөзден

«Үйлену оңай, үй болу қиын» деген ата-бабалар сөзінің жыл өткен сайын өзектілігі артып келеді, тіпті күйіп тұрған тақырып десек, артық емес. Өйткені ажырасу — бүгінгі қоғамда алаңдататын мәселенің бірі.

«Елімізде ажырасу көрсеткіші жылдан-жылға өсіп барады. Былтыр 124 мың жана неке тіркеліп, 61 мың неке бұзылған». Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевтың бұл мәлімдемесі көпшіліктің қызу талқысына түскені рас. Бірі ақпараттың растығына күмәнданса, енді бірі қоштап жатты.

Мәжілістегі Үкімет сағатында ол ажырасуға көбінесе ата-ана ретінде жауапкершіліктен бас тарту мен алимент төлемеу себеп болатынын атап өтті. Министрдің айтуынша, бұл — отбасылық құндылықтардың дағдарысқа ұшырауының салдары.

«Бұрын халқымызға тән болған құндылықтар жойылып барады. Статистикаға

сүйенсек, өкінішке қарай, әр екінші неке ажырасумен аяқталады. Соның салдарынан ең алдымен отбасы, әсіресе балалар зардап шегеді», — деді министр.

СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

Ұлттық статистика бюросының былтырғы жариялаған дерегіне сүйенсек, 2023 жылы елде 128 839 неке тіркелген болса, соның 47 948-і ажырасумен аяқталған, яғни, әрбір үшінші неке бұзылады деген сөз.

Бұл — соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. 2020 жылы карантиндік шектеулер кезінде некеге тұру мен ажырасу азайғанымен, кейінгі жылдары бұл көрсеткіш қайта шарықтап отыр.

4-бет



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**



Қазір аспаз мамандығының дәуірі жүріп тұр десек болғандай. Қалада мейрамханалар мен кафелерден аяқ алып жүре алмайсыз. Той мен садақадан бір күн босамайтын осындай көпшілік орындар тұрғанда, бармағынан бал тамған аспаздың жұмыссыз қалмасы анық. Содан ба әлде басқа себебі бар ма, кейінгі кезде қыздар ғана емес, ер жігіттер де осы мамандыққа көп қызығатын болған.

Солардың бірі — 18 жастағы Зейнулла Бақытбек. Ол жаста болса аспаздық өнердің қыр-сырын меңгеруге талпынып жүр. Қызылорда қаласындағы

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейді былтыр бітірген ол мектепте оқып жүргенде-ақ, осы мамандыққа ұмтылды. Сабағымен қатар мейрамханаларда даяшы болды.

АСПАЗДЫҚ ТА — ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

— Тоғыз жасымнан аспаздыққа қызықтым. Сол кезден бастап интернеттен қарап түрлі тамақ әзірлейтінмін. Он төрт жасымда осы мамандықты үйрену үшін кафедрді, мейрамханаларды аралап жұмыс іздедім. Кофеханаларда істедім. Бірақ мені көбіне «тым жассың» деп алмайтын. Сосын 16 жасқа толғасын бір тойханаға даяшы болып орналастым. Сөйтіп жүріп аспазға сәбіз, пияз тұрап көмектестім. Менің етілігімді, икемімді байқаған олар жандарына көмекшілікке шақырды. Өзіме де керекі осы еді, бірден келістім. Осылай менің аспаздық жолым басталды. «Сұлтан плаза» мейрамханасында да істедім. Сөйтіп жүріп мектепті аяқтадым. Мектеп бітірген соң осы жолға біржола түсуге бел будым, — дейді Зейнулла Ғалымжанұлы.

Ол қаладағы Мұрат Саламатов атындағы қызмет көрсету және сервис колледжінен аспаздық мамандық алды. Талабының арқасында Зейнулла бүгінде республикалық аспаздық ісі ғылымының кандидаты резиденттігіне кірді. Оған ену де оңай емес, өз қатарластарымен жарысқа түсіп, аспаздық өнерін дәлелдеуі тиіс. Ал Зейнулланың тәжірибесі өз қатарластарынан әлдеқайда озық болған.

Бүгінде ол «EZA PIZZA PASTA» мейрамханасында бас аспаздың орын, яғни содан кейінгі маман болып жұмыс істейді. Оның қызметі — тамақтың дұрыс дайындалуын, дәмнің бір-біріне үйлесімділігін, тағы басқаларды қалағалы.

— Аспаз — болашағы бар, ешқашан сұраныстан қалмайтын мамандық. Жаксы аспаз өзіне сенімді болуы керек. Үнемі ізденісте жүріп, тамақтарды зерттеу қажет. Аспаздың бойында тағамға деген махаббат болу керек. Бір сөзбен айтқанда, аспаздық — шығармашылық жұмыс, — дейді ол.

Оның жетістіктері де баршылық. Былтыр WorldSkills Kazakhstan жобасының облыстық, аймақтық, республикалық байқауларына қатысып, алғыс хатпен марапатталды. Биыл да облыстық және аймақтық байқауда титулын қорғап шықты. Жақын арада республикалық сайысқа бармақшы. Айта кетейік, WorldSkills жобасының мақсаты — жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру және шеберлік дағдыларын дамыту.

Отбасындағы алты баланың үлкені Зейнулланың үлкен арманы — болашақта елге танымал, мықты аспаз болу.

Ер кісінің әзірлеген тағамы дәмді болады деп жатамыз, олай болса жас аспазға сәттілік тіледік.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

/// БӘРЕКЕЛДІ!

НҰРЫМ СӘЛІМГЕРЕЕВ — «СЫР БАРЫСЫ»

Қазақ күресінен облыстық «Алтын белбеу» жарысы өз мәресіне жетті. Биыл он алтыншы мәрте жалауын көтерген турнир екі күнге созылды.

Дәстүрлі шара кіші жасөспірімдер, жасөспірімдер, жастар және ересектер санатында 10 салмақ бойынша өтті. Оған 250-ден аса спортшы қатысты. Жанкүйерлер түйе балуандар сайысын асыға

күтті. Кіл мықтылар белдесуінде үшінші орынға 18 жастағы Сұлтан Бейбарыс қол жеткізді. Ал Мақсат Исағабылов «Сыр арланы» атанса, «Сыр барысы» атағын Нұрым Сәлімгереев иеленді. Олар алдағы уақытта республикалық «Қазақстан барысы» турнирінде облыс намысын қорғайтын болады.

«СБ» ақпарат



Валюта бағамы: \$ 512,16 kzt

€ 580,94 kzt

₸ 6,39 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +33° 🌙 +18°

Жұма ☀️ +32° 🌙 +20°

КЕЛІСІМ ӨЗАРА СЕРІКТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУҒА НЕГІЗ БОЛАДЫ

— Астанаға екінші мәрте жолым түскеніне қуаныштымын. Қазақстан ұлттық даму жолында толайым табысқа жетіп, соның арқасында халықаралық аренадағы ролі артып келеді. Біз өзімізбен және сіздің еліңізбен серіктес әрі достас болғанымызға ризамыз, — деді Руанда Президенті.

Келіссөз барысында мемлекеттер басшылары екіжақты ықпалдастықтың басым бағыттарын, соның ішінде сауда, инвестиция, көлік, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технология, электрондық үкімет және қаржы салаларындағы байланыстарды дамытуға уағдаласты.

Қазақстан мен Руанда президенттері БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді. Мемлекет басшысы Президент Поль Кагамені Қазақстанға ресми сапармен келгеніне ризашылығын білдіріп, елдеріміз үшін мән-маңызы зор келіссөздер жүргізілгенін атап өтті. Оның айтуынша, Африка құрлығының халықаралық ықпалы жылдан жылға күшейіп келеді. Қазақстан осы аймақтағы елдермен тығыз қарым-қатынас орнатуға ерекше мән беріп отыр.

Біз Руанданы Африкадағы сенімді серіктесіміздің бірі ретінде қарастырамыз. Сондай-ақ өзара әріптестікті одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Бүгінгі кездесу мазмұнды әрі мағыналы болды. Біз екіжақты ынтымақтастықты күшейту жолдарын талқыладық. Нақты келісімдерге қол жеткіздік. Екі ел арасындағы саяси диалогты дамытуға уағдаластық. Алдағы уақытта Сыртқы істер министрліктері жоғары деңгейдегі кездесулер өткізетін болды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы биыл Қазақстан мен Руанда дипломатиялық және қызметтік төлқұжат иелерін визалық талаптардан босатуға келіскеніне тоқталды.

Бұдан бөлек, мемлекеттер басшылары парламентаралық дипломатия мәселесін пысықтағанын жеткізді. Сондай-ақ көлік-логистика және сауда салаларында бірлескен жұмыс топтарын құру туралы келісім жасалды. Қазақстан Президенті мұны сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі дамытудың тетігі санайды.

Бұл ретте халықаралық дәліздердің мүмкіндігін талқыладық. Келіссөз барысында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін пысықтадық. Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерін Африка құрлығына тасымалдау жолдарын қарастырдық. Елдеріміз озық технология, жасанды интеллект және ғарыш саласында айтарлықтай тәжірибе жинақтады. Біз цифрландыру және киберқауіпсіздік мәселелеріне қатысты ортақ жобаларды қолға аламыз деп келістік. Ғарыш кеңістігін бірлесіп игеру жөнінде уағдаластыққа қол жеткіздік. Мұндай қадам мемлекеттік қызмет пен бизнестің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Ақпараттық қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Руанда жасыл энергетика саласын өркендетіп, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға мүдделі екенін айтты. Осыған орай көк мемлекет бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ниетті. Бұл уағдаластықтар сауда-саттық көлемін арттыруға жол ашады. Сонымен қатар екі елдің инвестициялық ықпалдастығына тың сәріпін береді.

Бүгінде Астана мен Кигалидің халықаралық қаржы орталықтары арасында тығыз байланыс бар. Біз жаһандық қаржы нарығындағы осы байланысты одан әрі нығайтуға келістік. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес және қоршаған ортаны қорғау мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Руанданың климатты сақтау бағытында мол тәжірибесі бар. Соның арқасында жаһандық жобаларға зор үлес қосып келеді. Осы ретте тәжірибе алмасудың өзекті екенін атап өттік. Халықаралық конвенциялар мен келісімдер аясында экология мәселелерін шешу үшін күш біріктіру жолдарын талқыладық, — деді Мемлекет басшысы.

Келіссөздер кезінде мәдениет, білім-ғылым салаларындағы ынтымақтастыққа да ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, президенттер академиялық байланысты дамытуға, студент алмасуға, сондай-ақ, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге келісті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Поль Кагамені әлемдік саясатта мол тәжірибесі, беделі бар Президент ретінде атап өтіп, жаһандық мәселелер жөнінде пікір алмасқанына тоқталды.

Екі елдің халықаралық түйткілдерге қатысты ұстанымдары ортақ деп айтуға болады. Біз жаһандық дағдарыстың бәрін тек дипломатиялық жолмен шешу керек деп есептейміз. Бейбіт келіссөздер жүргізуді қолдаймыз. Бұған қоса, халықаралық ұйымдар аясында өзара ықпалдастықты күшейтуге уағдаластық. Бастамаларымыз бойынша бір-бірімізге қолдау көрсетуге келістік. Президент Кагаме мырзаның елімізге ресми сапарының тарихи маңызы бар. Біз екіжақты байланысты дамытуға, түрлі саладағы ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенімізді растадық. Бүгінгі келіссөздің нәтижесі — соның айқын дәлелі. Енді осы келісімдерді сапалы жүзеге асыруымыз керек, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Поль Кагаме келіссөздердің қорытындысын жоғары бағалады.

— Қазақстан Президентімен өте нәтижелі келіссөз жүргіздік. Елдеріміз арасындағы берік достық өзара серіктестігімізді одан әрі нығайтуға негіз болады. Келісімдерге қол қою арқылы ынтымақтастық мүмкіндіктерін арттыруға ниеттіміз. Екі мемлекеттің сауда, технология және ауыл шаруашылығы салаларында бір-бірімен үйренері көп. Біз «Самұрық-Қазына» АҚ мен Rwanda Mines, Petroleum and Gas Board арасында келісім жасалуын құптаймыз. Руанда Қазақстанның энергетика, тау-кен өнеркәсібі және минералдарды өңдеу салаларындағы инновацияларын игеру арқылы айтарлықтай пайдаға кенеле алады, — деді Руанда Президенті.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР — ЖЕТІСТІК БАСТАУЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен егін шаруашылығына енгізілген жаңа технологиялардың тиімділігін арттыру мәселесі талқыланған мәжіліс өтті. Аймақ басшысы жауапты сала жетекшілеріне нақты тапсырмалар беріп, инновациялық әдістерді кеңінен қолдануды, су ресурстарын үнемдеуді және мемлекеттік қолдау шараларын тиімді ұйымдастыруды жүктеді.

— Жаңа технологияларды енгізу ауқымын кеңейте беру қажет. Бұл — өнімділікті арттырып, шығынды азайтуға мүмкіндік береді. Су үнемдейтін әдістерді, әсіресе электронды су өлшеу құрылғылары мен жерді лазерлік тегістеу технологияларын барлық ауданда қолдану керек. Шаруаларға берілген несиелер мен субсидиялардың нәтижесін қадағалап, олардың тиімді жұмсалуды бақылаңыздар, — деді Нұрлыбек Мамбекулы.

Айта кету керек, аймақта егін шаруашылығына енгізілген



Суретті түсіретін Бағдат Есаинов

жаңа технологиялардың тиімділігі байқала бастады. Заманауи әдістер шығындарды азайтып, өнім көлемін арттыруға оң әсерін тигізуде. Мысалы, аралдық шаруалар 30 жыл бойы пайдаланылмай келген алқапты айналымға

қосып, бақша егіп, оны жабынды астында өсіруді қолға алды.

Жалағаш ауданының Т. Жүргенов ауылында үш жылдан бері қолданыстағы электронды су өлшеу қондырғысы да тиімділігін дәлелдеді. Шаруалар жерді ла-

зерлік әдіспен тегістеп, су шығынын айтарлықтай азайтты. Осы технологияның арқасында алқапты суаруға қажет су көлемін жыл сайын қысқаруда.

Аймақ дикандары жоңышқа өсіру мен тұқым дайындауда да

/// СҰХБАТ

XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы — қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезең. Сталиндік қуғын-сүргін кезінде 100 мыңнан астам қазақ жер аударылған, 25 мыңнан астам Алаш ардақтысы жазықсыз жала жабылып атылып кеткен. «Банды» деген айыппен сұраусыз, сотсыз атылғандар қаншама?!

XX ғасырдағы репрессия құрбандарын ақтау мақсатында 2020 жылы 24 қарашада Президент Жарлығымен мемлекеттік комиссия құрылды. «Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл — мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы» деп атап өтті Мемлекет басшысы.

2021-2023 жылдары облыста саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия жұмыс істеді. Тарихымыздың қайғылы кезеңдерін терең зерделеді. Осы бағыттағы жұмыс нәтижесі туралы комиссия мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты Уәлихан Ибраев айтып берді.

ҒАЛЫМДАР ТАРИХ АҚТАҢДАҚТАРЫН АШУҒА АТСАЛЫСТЫ

— **Өңірлік комиссияның жұмысы қалай басталып еді, соған шолу жасасақ...**

— 2021 жылы 20 қаңтарда Президент Жарлығына сәйкес облыс әкімдігінің №185 қаулысы негізінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі өңірлік комиссия құрылды. Комиссия құрамына 22 аламанн тұратын зиялы қауым мен зерттеуші-ғалымдар енгізілді. Сол жылы 2 сәуір күні комиссия отырысының хаттамалық шешімі негізінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің базасында құрамына ғалымдар, зерттеушілер мен өлкетанушылар енген облыстық жұмысшы топ, одан бөлек қала және аудандарда жұмысшы топтар құрылды.



Олардың жұмысының тиімділігін арттыру және өзекті мәселелерді шешуге қолдау көрсету мақсатында топ мүшелері мен ғалымдарға университет базасында, облыс архивтерінде арнайы жұмыс бөлмелері берілді. Материалдық-техникалық жабылған қамтамасыз етілді. Комиссия шаруасын жүйелі ұйымдастыру, аудандарға зерттеу экспедицияларын жіберу, ғалымдар мен зерттеушілерді қолдау үшін арнайы қаржы қаралды. Топтағы 8 ғалымға құпия құжаттармен жұмыс істеуге рұқсат берілді. Ғалымдар құқық қорғау органдарының архивінде сақтаулы тұрған құпия құжаттардың тереңіне үніліп, жазықсыз жапа шеккен боздақтарды ақтау ісіне атсалысты.

— **Жұмыс тобы құпия қормен жұмыс істеу кезінде қандай материалдарға қол жеткізе алды?**

— 2022 жылы облыстық жұмысшы топ 11 бағытқа бөлініп, зерттеу жүргізді. Оның барысында XX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыс және саяси қуғын-сүргін құрбандары, күштеп көшірілген халықтар мен арнайы қоныстанушылар жөніндегі құжаттарды анықтау, соғыс жылдары кеңестік әскери тұтқындардан құрылған Түркістан легионы сарбаздарының істері негізінде ақталмаған азаматтарды ақтау бойынша ұсыныстар әзірленді.

Ғалымдар облыстық полиция департаментінің архивіндегі 4669 адамға қатысты 3016 қылмыстық іс, 6058 құжатты қарады. Оның ішінде қуғын-сүргінге ұшыраған, сот органдары ақтаған 3752 адамның, ақтауға жатпайтын 499 адамның, Германияда әскери тұтқында болған және өз еліне қайта оралған 418 КСРО азаматының іс құжаттары табылды. Құжаттар комиссия ұсынысымен құпиясыздандырылды. Қазіргі күні ҚР Президенті архивіне өткізілді. Сондай-ақ жұмысшы топ мүшелері облыстық мемлекеттік архив қорындағы тәркілеуге ұшыраған байлар туралы ақпаратты зерттеді.

— **Зерттеу нәтижесі қандай болды?**

— Жұмыс тобы құзырлы органдардың архивіндегі 1940-1950 жылдар аралығында сотталған, бірақ ақтауға жатпайтын адамдар туралы 70 іс қарап, 145 адамды ақтау туралы ұсыныс берді. Олардың ішінде аса құпия тізім құжаттары қаралып, ондағы Түркістан ұлттық кеңесіне қатысты айыптау қорытындысын, 1996 жылы Қызылорда облысы территориясында саяси қуғын-сүргін құрбандарының жерленген жерін анықтау жөніндегі комиссияның іс-құжаттарын құпиясыздандыруға ұсыныс берілді. Нәтижесінде комиссияның шешімі бойынша 2 құжат құпиясыздандырылды.

Қаралған архив құжаттары бойынша Сыр өңіріндегі «Қарақұм» көтерілісі және мүшелері туралы естеліктер жинақталды. Сонымен қатар саяси қуғын-сүргінге ұшырап, әлі ақталмаған адамдардың жақын туыстарынан маңызды мәлімет алуға мүмкіндік туды. Қызылорда қаласы маңында XX ғасырдың 20-40 жылдары репрессия құрбандары атылған 3 жер анықталды. Олар — «Қарауылтөбе» елді мекенінің маңы, «Арай» саяжайының аумағы және Орал қазактары қорымының жаны («Ақмешіт» шағын ауданы). Сонымен қатар, аудандарда саяси қуғын-сүргін құрбандары жерленген орындарда екі экспедиция жұмыс жүргізді.

— **Комиссия жұмыс істеген жылдары ғалымдар не ұсына алды?**

— Бұл уақытта аймақта ауқымды жұмыстар атқарылды. Осы уақытқа дейін құпия болып келген құжаттар ғылыми айналымға түсіп, ақпарат құралдарында, ғылыми орталарда кеңінен таратылды.

Түрлі бағыттағы ғылыми-практикалық, танымдық шаралар өткізілді. «Сыр өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: зерттелуі және мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық, облыстық конференциялар өтті. Оларда ғалымдар саяси қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбаны болған, сотсыз немесе тергеусіз атылған, НКВД ГУЛАГ-тың 26-лагерінде болған азаматтар, саяси науқандар мен аштық кезінде елден кетуге мәжбүр болған босқындар, елдің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін жеке күрескен адамдарды ақтау, тарихтың ашылмаған ақпаңда беттерін зерттеу нәтижесінде анықталған басқа да тарихи деректер негізінде баяндамалар жасалды. Тарихи әділдікті қалпына келтіру, олардың адал және игі есімдерін халық пен ұрпағына қайтаруға күш салды.

Мемлекеттік комиссия өңірлік комиссиялармен бірге екі жыл көлемінде жинақталған архив материалдары негізінде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия материалдары XX ғасырдың 20-50 жылдары» тақырыбымен 52 томдық ғылыми жинақтар топтамасын әзірлеп, оны Президентке таныстырды. Соның бірі — өңірлік комиссияның «Кенестік саясат құрбандары: Сыр өңірінің материалдары негізінде (1920-50 жж.)» атты кітап. Ғылыми негізделген және тарихи құжаттар арқылы әзірленген еңбектер облыстық кітапханаларға, ғылыми орталықтарға таратылды.

Алдағы уақытта ашаршылық, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ұрпақтарының естеліктері бойынша «Зұлмат жылдар жаңғырығы: Қызылорда облысы бойынша нәубет құрбандары мен ұрпақтарының естеліктері» атты ғылыми еңбек шығару жоспарланатын отыр.

— **Әңгімеленің рақметі!**

Сұхбаттасқан:
Нәзерке САНИЯЗОВА
Фото: Нұрболат Нұржаубай

ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың қатысуымен шегіртке зиянкестеріне қарсы күрес жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен жауапты сала басшылары қатысты.

Басқосуда Ақтөбе және Қызылорда облыстарының шегірткеге қарсы күрес жүргізу барысы талқыланып, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерді баяндады.

— Былтырғы зерттеу жұмыстары нәтижесімен облыс бойынша 115418 гектарға фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу жоспарланған. Оның ішінде италиялық пруска қарсы 24702 гектарды, азиялық шегірткеге қарсы 35322 гектарды, саяқ шегірткеге қарсы 55394 гектарды қамту межеленген.

Ерекше қауіпті шегірткеге қарсы өңделуі тиіс 60 024 гектардың 33476 гектары аса жеңіл ұшақпен, 15434 гектары ұшақпен, 7152 гектары жер агрегаттары, 3962 гектары дронмен республикалық бюджет есебінен атқарылуда.

Ел аумағында рұқсат етілген «Апет» және «Карат Супер 100» инсектицидтері қолданылуда.

Италиялық пруска қарсы 448,3 мың гектар жер зерттеліп, экономикалық зиянды шегінен асқан 19 мың гектардың 12,2 мың гектары өңделді.

Ал азиялық шегірткеге қарсы 58,8 мың гектар зерттеліп, 3,2 мың гектар залалданғаны белгілі болды. Экономикалық зиянды шегінен асқаны — 2,5 мың гектар, өңделгені — 1,0 мың гектар.

Арал ауданында италиялық пруска қарсы 124,6 мың гектар жерге мониторинг жүргізіліп, экономикалық зиянды шегінен асқан 11 мың гектарына химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Саяқ шегірткеге қарсы күреске 12 арнайы жер агрегатын және 3 әуе ұшағын қатыстыру жоспарланып, барлығы облысқа жеткізілді.

Химиялық өңдеу жұмыстары 6 арнайы жер агрегаты және 1 ұшақпен атқарылуда.

Арал ауданында анықталған экономикалық зиянды шегінен асқан 1,5 мың гектар алқап 3 күн ішінде өңделді.

Алдағы уақытта зиянды

және ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы фито-санитариялық іс-шаралар мерзімінде, сапалы және өз деңгейінде жүргізіледі, — деді Б.Жаханов.

Министр жергілікті атқарушы органдар мен облыстық аумақтық инспекцияларға тапсырмалар жүктеп, алдағы жұмыстарды айқындады. Облыста шегірткеге қарсы жүргізілетін іс-шаралар жоспарының орындалуы қатаң бақылауда болады. Шегіртке тектестерге қарсы күресті уақытылы және сапалы ұйымдастыру үшін зерттеу жүргізіледі. Су көздері анықталып, құдық иелерінен су алу және басқа да ұйымдастыру іс-шараларына жәрдем көрсетіледі. Күтпеген жағдай туындаса, арнайы бүріккіш техникалармен қамтамасыз ету, шегіртке дернәсілдерін жедел химиялық өңдеу тапсырылды.

Еске салайық, ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы химиялық өңдеу жұмыстарына облыста 4 арнайы жер агрегаты, 2 аса жеңіл ұшақ және 1 ұшақ қатыстыру бекітілген.

Қазіргі күні 14 арнайы жер агрегаты, 4 ұшақ, 2 аса жеңіл ұшақ, 5 дрон және 45 ранс аппараты іске қосылған.

Бұдан басқа, аудандар мен қалада «2025 жылы Қызылорда облысында шегіртке зиянкестерімен күрес шараларының іс-жоспары» жасалды.

Жол картасына сәйкес, маусымдық кезеңде шегіртке зиянкестерімен күрес шараларын ұйымдастыру-үйлестіруге 4 жұмысшы топ жұмылдырылуда.

Өңдеу жүргізілетін әр ауылдық округтен техникалар, зерттеушілер мен жауапты мамандар бекітілді. Жалпы үйірлі шегірткеге қарсы күреске 324 адам қатыстыру жоспарланған. Жергілікті бюджет есебінен маусымдық жұмысқа 230 зерттеуші маман тартылды.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Қазақ халқының тарихындағы ашаршылық, саяси қуғын-сүргін кезеңін еске алудың өзі өте ауыр. Талай шаңырақты ортасына түсіріп, тамырынан ажыратты, туған топырағынан айырды. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» деген заманда елдегі азды-көпті дәулеті бар адамдардың бәрі қуғынға ұшырап, мал-мүлкі талан-таражға түсті.

«Әкем Шығанбай Салбырулы – үйір-үйір жылқысы бар аса ірі бай, 1857-1924 жылдар аралығында өмір сүрген, «Қарақұм» өңірінің қазағы. 1923 жылдары болуы керек, жаппай колхоздастыру кезінде Шығанбайдың бүкіл мүлкі тәркіленіп, малы қызыл әскерлердің айдауында кеткен» деп жазған екен Райхан Шығанбайұлы өз естелігінде.

Қазақтың: «Мал-жаның аман ба?» деп амандасатыны осы кезден басталса керек, бәлкім... Өйткені өкіметтің шолақ белсенділері қорғансыз жұртқа аяусыз күш көрсетіп, алдындағы қарақұра малына жаудай тиіп, ашатұяқ қалдырмай, әкетіп жатты. Ол кезде елдің негізгі күнкөрісі мал болатын. Ішкер асы, киер киімі, төсек жабдығы түгел содан дайындалатын.

– Жиырмасыншы жылдардың бас кезі. Сырдың бойында, «Қарақұм» жайлауын қоныстанып отырған ағайын алдындағы малына иелік етіп, өзімен-өзі өмір сүріп жатқан еді. Шынын айтқанда, мұндағы жұрт малдың жайына бола жаздығүні жайлауға көшіп, күн суыта қыстауына қайтатын. Иә, төрт түлігі теріс жайылып жатқан Шығанбайдың әсіресе, Қамбар ата түлігіне ықыласы бөлек. Ер қанаты деп ерекше бағалайтын. Иен даланы еркін жайлап отырған бұлардың ешкімінің алдында алыс-берісі жоқ, тып-тыныш тірлігін кешіп жатқан еді.

– Шөмекейдің Аспаны – Салбырулы Шығанбай, Атағы шыққан бай болған. Бабасы мен атасы – Аспан, Есімбет, Тұрымбет, Айтқұл, Есім, Жаманы, Дыңғыр, Боқы, Салбырлар, Адам айтса нанғысыз, Қыр мен Сырдың арасын Алып жатқан сол кезде Осыларда мал болған, – деп жазған Бақтыбай Әбілтайұлының «Шөмекейдің Аспаны – бай Шығанбай» дас-танында осы әулеттің арғы-бергі тари-хы түгел баяндалады.

...Шығанбай жылқы туяғының дыбысынан тәңсеріде оялды. Торытөбел айғырының кісінеуі ме қалай? Шапанын жадағай жамыла далаға шықты. Ойы алдамаған екен, жерді тепсіне, оскырына кісіней қарсы алған Торытөбелі тосын мінез танытып, басын шұлғи берді. Өз көзіне өзі се-нер емес, үйірін қия бастырмай, еге болып жүрген қырағы торысы қалай-ша бөлініп келіп тұр. Жалма-жан айғырының үйіріне беттеді. Үйір дін аман, әйтсе де жинақы, алысқа ұзамай, айналышып жүргендей көрінді. Төңіректі шолып шықты, маңай тыныш тәрізді. Торытөбелдің жалынан сипап тыныштандырмақ болса да, өзінің жаны әлдебір жамандықты сезгендей байыз табар емес...

Торытөбелдің тосын әрекетінен тіксініп қалса да, сыр бермеді. Үй-іші, әйел, бала-шағасын алаңдатпайын деп



әдеттегі тірлігімен айналысып, әудем жерге дейін ұзап кетті. «Қарақұм дегенше, қарағым десеіші» деп күбірлеп, далиып жатқан кең далаға, көк шапғыны тербелген жайлауға көз салды. Көкрегін кере демалып, алыс көк-жиекке көп қаралды.

Жарықтық тұлпары жаңылмапты, шынында бір жайсыздықты сезген екен. Әлгі жағдайдан кейін үшінші күн дегенде өкіметтің өктем бұйрығымен келген жандайшаптар мамыражай отырған халықты ұлардай шұлатып, ылаң салып кетті. Атка мінген қарулы топ әй-шәйға қарамастан Шығанбай жылқышының мал-мүлкін түгел тәркілеп, үйір-үйір жылқыны айдаған күйі кете барды. Шулаған қатын-қалаш, жылаған бала-шаға, жасанып келген қарулы топқа еш қауқар көрсете алмаған ерлер қамшысымен жер тіреп қала берді.

Жауға жалынғаннан жан берген жақсы. Ақадал жиған малы көз алдында, көрінгеннің айдауында кетіп бара жатқанын көру Шығанбайға оңай болған жоқ. Өне-бойын намыс өрті шарпыған ол іштей күйзеліп, нәр тартпа-стан сүлік түсіп жатып қалды.

Арада бірнеше күн өткен. Айнала өлі тыныштық. «Қарақұм» даласы қаңырап, бос қалғандай. Кенет алыс-тан кісінеген жылқы дауысы естілгендей болды. Торытөбелі ме екен? Апыр-ай, айдаудан қашып келгені ме? Шығанбай үйден асыға шығып, ап-тығын баса алмай тұрған Торытөбе-лінің жалын құшып жата кетті. Осы кезде ол бакилық сапарына аттанып кеткен еді. Иә, адал жануары ақырғы сәтінде қожайынының қасынан табыл-ды.

Шығанбай отбасының одан кейін-гі өмірі қалай болды десек, ұлы Рай-

ханның мына бір жазбасы көзге ұшы-расты:

«Әкеміз Шығанбай өмірден өткен-нен кейін төрт баламен жесір қалған шешем теміржолды жағалай 99-разь-езге келіп ағайындарды паналаған. Неге екені белгісіз, ол жерде ұзақ тұрақтамай, екі үлкен қызын ертіп, Ташкентке бет алады. Көздеген жеріне жетті ме әлде жолда аштықтан көз жұмды ма, аң-құсқа жем болды ма, сол күйі хабар-ошарсыз. Бала болсам да өз жұртыман, елімнен іргемді ажы-ратқым келмеді ме екен, білмеймін, бірге туған бауырым Ұлжалғас екеуіміз шешемізге ермей, тірідей айыры-

“

Шығанбайдың есімі ел аузында қалуының тағы бір себебі – оның қаздырған құбығы. Сол құдық көп жылға дейін елдің тіршілік көзіне жараған екен. Кейіннен өкімет сол жерден су құбырын жүргізіп, жерасты суының жолын салыпты. Қазір бұл құдық Қазалы жер көлемінің сызбасына енген. Сонымен қатар, Шығанбайдың әкесінің атымен «Салбырдың тақыры», аталас ағайынының атымен «Сәттің жалы» аталып кеткен жер бар.

лып қала беріппіз. Сол уақытта бізді бауырына басып, біреудің тепкісіне түсірмей, ел қатарына қосылып кетуімізге атсалысқан ағайын ағамыз Әйділдә әкеміздей, Жұмағұл апамыз шешеміздей болды» деп жазған екен.

Әкесінен бес-алты жасында қалған Райхан ақыл тоқтатып, ат арқасына мінген шағында әкесі Шығанбай тура-лы деректерді іздеп, естігенін жазып алып жүретін. Кезінде «Қарақұмда» мал баққан кісілердің айтуынша, ол жастайынан шаруашылықпен айнал-дысып, адал еңбегімен мал басын кө-бейткен жан болыпты. Жылқылары-ның жалы жібектей, үстіндегі иесі жығылғанда молынан төсеніш бола-тындай, құйрықтары таралып тұрған-дай ерекше көрінеді екен. «Мал тап-қанға емес, баққанға бітеді» демекші, дария бойын жағалай, жайлауды ал-мастырып отырады екен. Онысы тек малдың жайы емес, жердің де құнарын жойып алмайын деген байламы болар.

Шығанбай жылқышының тағы бір тапқырлығы, көктем туа малын ай-дап, Сырдарияның арғы бетіне, «Қы-зылқұмға» көшкерде дарияның бергі бетіндегі қалың жантақтың сабағын екіге бөліп, арасына қауын-қарбыз дөнін салып кетеді екен. Жауын-ша-шынан бөлек, жантақ тамырының ылғалдылығымен көктеп өнген дән

түйнекке айналып, қыс түспей кері қайтқан малшылар шөлде піскен шы-рын қауын-қарбызға қарық болады деседі.

Әр жерде айтылған әңгімелерге құлақ асса, Шығанбай жылқысының тұқымы беріге дейін болыпты. Ол ту-ралы екіжақты пікір айтылады. Бірінде асау жылқы айдаудан қашып шығып, су ішкен құдығына айналып келуі мүмкін десе, енді бірі жылқысының бірнешеуін өзі малдың қадірін білетін малшыларға тапсыруы да мүмкін де-ген болжамға саяды.

Шығанбайдың есімі ел аузында қалуының тағы бір себебі – оның қаз-дырған құдығы. Сол құдық көп жылға дейін елдің тіршілік көзіне жараған екен. Кейіннен өкімет сол жерден су құбырын жүргізіп, жерасты суының жолын салыпты. Қазір бұл құдық Қа-залы жер көлемінің сызбасына енген. Сонымен қатар, Шығанбайдың әке-сінің атымен «Салбырдың тақыры», аталас ағайынының атымен «Сәттің жалы» аталып кеткен жер бар.

Жазық далада орналасқан құдық-тың тереңдігі 50 метрдей, опырылып кетпесін әрі таза болсын деп түбіне дейін айналдыра сексеуіл тартып өріп тастаған. Көзкөргендердің айтуынша, жылына екі рет 40 қауға су тартып тазалап отырады екен. Ол уақытта бұл жерден жолаушылап өтетіндер көп еді. Алыс-жақын сапарларда әрі-бері өткендер Шығанбай құдығынан шөлін басып, алғысын жаудырып кетеді дейді. Шынында, шарият ұста-нымында жол салғанның, құдық қаз-ғанның, ағаш еккеннің сауабы мол де-ген сөз бар ғой.

«Әкеміз Райхан буыны қатаймай жетім қалса да, жоқшылықты, тар-шылықты басынан өткізіп, құрыштай балқып, темірдей берік болды. Аллаға шүкір, жігер-қайратының арқасында аумалы-төкпелі, аласапыран кезеңнен аман-есен өтіп, ел қатарына қосылды. Жастайынан еңбекке араласып, Жоса-лы, Қазалы станциясының арасында теміржолшы болып көп жыл қызмет еткен. Соғыстың сұрапыл жылдарын-да теміржолшылар елге қажетті маман есебінде броньмен қалдырылған. Күн

демей, түн демей, жаздың ыстығы, қыстың суығына қарамай, әскери эше-лондарды өзі жауапты бекеттен уақы-тымы майданға өткізіп отырған.

«Ерен еңбегі үшін» және Ұлы Же-ністің бірнеше мерекелік медалімен марапатталды. Шанырақ көтеріп, үбір-лі-шүбірлі ұрпақ өсірді. Жазықсыз жапа шеккен Шығанбай байдан қалған жалғыз тұяқ үлкен әулет болды, шүкір дейміз. Әкеміз ұрпағының ортасын-да абыройлы құмыр кешіп, 100 жасап дүниеден озды.

2019 жылы Шығанбай атамыздың ұрпақтары жиылып, «Қарақұм» жеріне мал сойып, Құран бағыштап, құлып-тасын қойып, аз да болса жүгіміз же-нілдегендей болды. Атамыздың бей-іті сексеуілден тұрғызылған, ені 4, ұзындығы 5, биіктігі 1,5 метрдей, әрине, арада ғасыр өткесін шөккені білінеді. Бейіттің тұсында отырып, басыма талай ой келді. «Иә, ешкім мәңгілік емес бұл өмірде. Дегенмен үлкен кісілердің бары жақсы екен-ау, баталарының күшімен батыл басып жүресің, сүрінсеп тіреуің, шалынсаң қалқаның...» дейді Марат Райханұлы.

Иә, бұл оқиға да – ел тарихының аласапыран кезеңінің ақтаңдақ бір беті.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ТАҒЫМ

Қай елде, қай қоғамда болмасын шын мәніндегі зиялы қауым өкілдері – білім мен тағылымның тізгінін ұстаған ұстаздар қауымы. Сондай асыл азаматтардың бірі – тарихшы-ғалым, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері Ақсатова Меруерт Нағыметқызы еді.



ҰЛЫЛЫҚ ҰЯЛАҒАН ҰСТАЗ

Меруерт Нағыметқызы жайлы сыр

Ол 1951 жылы Қызылорда об-лысы Арал ауданына қарасты «Аралсульфат» қыстағында дүние-ге келген. Ата-анадан алған тектілік пен туған жерден дарыған табан-дылық оны өмірдің қай саласында да биіктен көрінуге жетеледі. Орта мектепті бітіріп, бірден 1967 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының та-рих факультетіне оқуға түсіп, оны үздік дипломмен 1971 жылы аяқ-тауы оның өмір бойы ізденісі мен талпынысының бастауы болды.

Меруерт Нағыметқызы үшін ұстаздық жай ғана кәсіп емес, бұл жүрек қалауымен тандалған өмір жолы еді. Ол алғаш еңбек жолын Аралдағы Т.Шевченко атындағы орта мектепте мұғалім болып бастағанымен, көп ұзамай ғылымға бет бұрып, 1973 жылы Абай аты-ндағы педагогикалық институттың аспирантурасына оқуға түсті.

1976 жылдан бастап 2022 жыл-ға дейін Қорқыт ата атындағы Қы-зылорда университетінде үздіксіз еңбек етіп келді, жарты ғасырлық ғұмырын білім мен ғылымға ар-нады. Бірнеше буын ұстаздардың, ғалымдардың, зерттеушілердің қалыптасуына ықпал еткен нағыз зия-лы ұстаз атанды.

Ғылыми жұмыспен жүйелі айналысып, 1979 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ата-ған. Оның ғылыми зерттеуінің та-қырыбы «Қазақстан коммунистік партиясының ұлт саясатын жүзеге асырудағы қызметі» – еліміздің күрделі тарихи кезеңдерін ғылыми тұрғыда түсінуге зор үлес қосқан еңбек.

Қорқыт ата атындағы Қызыл-орда университетінде жарты ға-сырға жуық уақыт абыроймен ең-бек еткен Меруерт Нағыметқызы еліміздің білім беру саласындағы қорнекті тұлғалардың бірі болды. Бұл білім саласындағы реформа-лар мен жаңашыл бағыттардың бел ортасында жүріп, талай шә-кірт пен жас маманның жолын ашқанын көрсетеді. Жоғары оқу орнындағы еңбек жолын қатардағы оқытушыдан бастаған ол уақыт өте келе кафедра меңгерушісі, «Қабілет» элитарлық мектеп-гим-назияның директоры, музыка-пе-дагогикалық факультеттің дека-ны қызметтерін атқарып, соңғы жылдары Қазақстан тарихы ка-федрасының профессоры ретінде табысты еңбек етті.

Ұстаздық жолында өз ісіне шексіз адалдықпен қарап, жоғары кәсіби біліктілігімен, терең білім-ділігімен, жаңашыл ойлау кабі-летімен ерекшеленді. Ол тек бі-лім беруші ғана емес, сондай-ақ болашақ мамандарды тәрбиелеген дана тәлімгер, рухани жетекші бола білді. Жас ұрпақтың бойы-на ұлттық құндылықтар мен па-расаттылықты сіңіріп, білім мен тәрбие жолында аянбай еңбек етті.

Меруерт Нағыметқызының алами болмысы – мейірімділік, әділеттілік, жауапкершілік және талапшылдық секілді қасиеттердің

үйлесімі. Оның педагогикалық жа-ңе шешендік шеберлігі әріптестері мен шәкірттерінің зор құрметіне бөленіп, көпке үлгі болды. Жас оқытушыларға, студенттер мен ма-гистранттар үшін шынайы бағыт беруші, өмірлік ұстаз болды.

Бүгінде оның есімі сан мың-даған түлектің жүрегінде сақтал-ған, ғылым мен білімге сіңірген өлшеусіз еңбегі ел есінде.

Ғалымның қаламынан 120-дан астам ғылыми мақала мен 20-ға жуық еңбегіменің құрал туған. Оның «Сыр өңірі тарихы», «Қызыл-орда» энциклопедиялық кітабы, «Қазақ этнопедагогикасындағы от-басы тәрбиесі» сынды шығарма-лары – зерттеушілерге бағыт-бағдар боларлық еңбектер.

Ұзақ жылдар бойы түрлі жау-апты лауазымдарды атқарған Ме-руерт педагогикалық институттың аспирантурасына оқуға түсті.

1976 жылдан бастап 2022 жыл-ға дейін Қорқыт ата атындағы Қы-зылорда университетінде үздіксіз еңбек етіп келді, жарты ғасырлық ғұмырын білім мен ғылымға ар-нады. Бірнеше буын ұстаздардың, ғалымдардың, зерттеушілердің қалыптасуына ықпал еткен нағыз зия-лы ұстаз атанды.

Ғылыми жұмыспен жүйелі айналысып, 1979 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ата-ған. Оның ғылыми зерттеуінің та-қырыбы «Қазақстан коммунистік партиясының ұлт саясатын жүзеге асырудағы қызметі» – еліміздің күрделі тарихи кезеңдерін ғылыми тұрғыда түсінуге зор үлес қосқан еңбек.

Қорқыт ата атындағы Қызыл-орда университетінде жарты ға-сырға жуық уақыт абыроймен ең-бек еткен Меруерт Нағыметқызы еліміздің білім беру саласындағы қорнекті тұлғалардың бірі болды. Бұл білім саласындағы реформа-лар мен жаңашыл бағыттардың бел ортасында жүріп, талай шә-кірт пен жас маманның жолын ашқанын көрсетеді. Жоғары оқу орнындағы еңбек жолын қатардағы оқытушыдан бастаған ол уақыт өте келе кафедра меңгерушісі, «Қабілет» элитарлық мектеп-гим-назияның директоры, музыка-пе-дагогикалық факультеттің дека-ны қызметтерін атқарып, соңғы жылдары Қазақстан тарихы ка-федрасының профессоры ретінде табысты еңбек етті.

Ұстаздық жолында өз ісіне шексіз адалдықпен қарап, жоғары кәсіби біліктілігімен, терең білім-ділігімен, жаңашыл ойлау кабі-летімен ерекшеленді. Ол тек бі-лім беруші ғана емес, сондай-ақ болашақ мамандарды тәрбиелеген дана тәлімгер, рухани жетекші бола білді. Жас ұрпақтың бойы-на ұлттық құндылықтар мен па-расаттылықты сіңіріп, білім мен тәрбие жолында аянбай еңбек етті.

Меруерт Нағыметқызының алами болмысы – мейірімділік, әділеттілік, жауапкершілік және талапшылдық секілді қасиеттердің

үйлесімі. Оның педагогикалық жа-ңе шешендік шеберлігі әріптестері мен шәкірттерінің зор құрметіне бөленіп, көпке үлгі болды. Жас оқытушыларға, студенттер мен ма-гистранттар үшін шынайы бағыт беруші, өмірлік ұстаз болды.

Бүгінде оның есімі сан мың-даған түлектің жүрегінде сақтал-ған, ғылым мен білімге сіңірген өлшеусіз еңбегі ел есінде.

Ғалымның қаламынан 120-дан астам ғылыми мақала мен 20-ға жуық еңбегіменің құрал туған. Оның «Сыр өңірі тарихы», «Қызыл-орда» энциклопедиялық кітабы, «Қазақ этнопедагогикасындағы от-басы тәрбиесі» сынды шығарма-лары – зерттеушілерге бағыт-бағдар боларлық еңбектер.

Ұзақ жылдар бойы түрлі жау-апты лауазымдарды атқарған Ме-руерт педагогикалық институттың аспирантурасына оқуға түсті.

1976 жылдан бастап 2022 жыл-ға дейін Қорқыт ата атындағы Қы-зылорда университетінде үздіксіз еңбек етіп келді, жарты ғасырлық ғұмырын білім мен ғылымға ар-нады. Бірнеше буын ұстаздардың, ғалымдардың, зерттеушілердің қалыптасуына ықпал еткен нағыз зия-лы ұстаз атанды.

Ғылыми жұмыспен жүйелі айналысып, 1979 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ата-ған. Оның ғылыми зерттеуінің та-қырыбы «Қазақстан коммунистік партиясының ұлт саясатын жүзеге асырудағы қызметі» – еліміздің күрделі тарихи кезеңдерін ғылыми тұрғыда түсінуге зор үлес қосқан еңбек.

Қорқыт ата атындағы Қызыл-орда университетінде жарты ға-сырға жуық уақыт абыроймен ең-бек еткен Меруерт Нағыметқызы еліміздің білім беру саласындағы қорнекті тұлғалардың бірі болды. Бұл білім саласындағы реформа-лар мен жаңашыл бағыттардың бел ортасында жүріп, талай шә-кірт пен жас маманның жолын ашқанын көрсетеді. Жоғары оқу орнындағы еңбек жолын қатардағы оқытушыдан бастаған ол уақыт өте келе кафедра меңгерушісі, «Қабілет» элитарлық мектеп-гим-назияның директоры, музыка-пе-дагогикалық факультеттің дека-ны қызметтерін атқарып, соңғы жылдары Қазақстан тарихы ка-федрасының профессоры ретінде табысты еңбек етті.

Ұстаздық жолында өз ісіне шексіз адалдықпен қарап, жоғары кәсіби біліктілігімен, терең білім-ділігімен, жаңашыл ойлау кабі-летімен ерекшеленді. Ол тек бі-лім беруші ғана емес, сондай-ақ болашақ мамандарды тәрбиелеген дана тәлімгер, рухани жетекші бола білді. Жас ұрпақтың бойы-на ұлттық құндылықтар мен па-расаттылықты сіңіріп, білім мен тәрбие жолында аянбай еңбек етті.

Меруерт Нағыметқызының алами болмысы – мейірімділік, әділеттілік, жауапкершілік және талапшылдық секілді қасиеттердің

Минсара ҚАРАМАНОВА,
тарих ғылымдарының
кандидаты, доцент



Майданда ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің бірі – Әлменов Әбдіқалық Ыбырайұлы.

Ол 1923 жылы қазіргі Сырдария ауданы Асқар Тоқмағамбетов ауылында дүниеге келген. 1940 жылы Қызылордадағы педагогикалық учи-лищені бітіріп, еңбек жолын Жалағаш ауданы «Аламесек» ауылындағы 1 Май жетіхыл-дық мектебінде мұғалім бо-лып бастайды. Жас педагог сол жылдары комсомол мү-шесі де болған.

1942 жылдың қантарында Қармақшы аудандық әскери



комиссариаты арқылы әскер қатарына шақырылып, май-данға аттанды. Алдымен Таш-кент қаласына екі айлық әс-кери дайындыққа жіберіліп, сол жерде сержант шенін ала-ды. Тамыз айында майданға жөнелтілді.

Сол жылдың тамызын-да ата-анасына соңғы хатын жолдапты. Онда: «Майданға аттанып бара жатырмыз, Ста-линград шайқасында бөлімше командирімін» деп жазған. Бұл – оның туған-туыстарына жеткен соңғы хабары еді. 1942

жылдың желтоқсанында от-басына соңғы даласында қаза тапты» деген қара қағаз кел-ген.

Анасы баласын тірі келеді деп үмітін үзбей, өмірінің соңына дейін жолын тосып өткен. Соңғы хаты мен қара

қағазын жастығының асты-на жастап жатқан деседі. Ал әкесі Ыбырай түсінде үйінің дарбазасының алдына Сталин келіп тұрғанын көріп, бұл бір белгі болар деп, баласының тірі екеніне сеніп өткен.

Інісі Әбілқасым ағасының есімі ұмыт болмасын деп, тұңғышын Әбдіқалық Махмұт Әбдіқалықұлы деп атаған. Бұл өткенге құрмет пен сарытап болған сағыныштың белгісі еді.

Әбдіқалық Ыбырайұлы-ның есімі Асқар Тоқмағам-бетов ауылындағы ескерткіш-тақтаға жазылып, «Боздақтар» кітабына енген.

Ол елі мен ұрпақтарының жайында мәңгі сақталып, отансүйгіштігі мен ерлігі ер-теңге үлгі болып қала бермек.

Гүлжан ИБРАЕВА,
Ж.Нұрманов атындағы
№198 орта мектептің
мұғалімі,
тарих магистрі

/// ФУТБОЛ

«ҚАЙСАР» ТҮЛЕКТЕРІНЕ СЕНІМ АРТАДЫ

Қай кезде де қызылордалық «Қайсар» өз түлегімен мақтанады. Жергілікті таланттар команда намысын абыроймен қорғап, оның жетістігіне үлкен үлес қосып келеді. Десе де кейінгі жылдары түрлі себеппен олар негізгі құрамнан шет қалды. Салдарынан қызылордалық жастар өз мүмкіндігін көрсете алмай жүрді.



Биыл облыс басшылығының шешімімен команда қазақстандық футболшыларға сенім артты. Оған жанкүйерлер де қолдау білдірді. Қаншама жылдан бері команда құрамында легионерлер де ойнады. Алайда олардың шеберлік деңгейі жергілікті жастардан жоғары болған жоқ. Айналып келгенде, «Қайсар» турнир кестесінде ортанқол клубтың бірінен аса алмады. Ендігі кезекте қызылордалық түлектер алғашқы минуттан жасыл алаңға шығып, қазірдің өзінде жеңіске жетуге зор үлесін қосып жүр.

Қазір мамандар қақпашы Нұрымжан Салайдиннің шеберлігін жоғары бағалай бастады. Белгілі спорт журналисі Есей Жәнісұлы «Кейбір футболшылар өзінің уақытын күтеді. Нұрымжан көп уақыт бойы командада екінші қақпашы міндетін атқарды. Енді мүмкіндігі туған сәтте өзін жақсы қырынан таныта білді. Биыл көп ойында «Қайсардың» жеңісіне немесе тең түсуіне үлесін қосты. Қарсыластың көп соққысына тосқауыл болды. Дәл осындай сенімді ойын көрсете білсе, алдағы уақытта ұлттық құрамаға шақыру алуы мүмкін» деген пікірін білдірді.

Сондай-ақ жартылай қорғаушы Өркен Махан да былтыр негізгінен қосалқы құрамда болды. Бас бапкер Виктор Кумыков биыл оны алғашқы минуттан

алаңға шығарып, үлкен сенім артып жүр. Ол командадағы әріптестерінің гол соғуына мүмкіндік жасап, нәтижелі пас шығарып берді.

«Қайсарда» бірнеше жылдан бері капитан міндетін атқарып жүрген Думан Нұрзілдаевтан қазір жастар көп нәрсе үйрене алады. Қызылорда футболының түлегі ұзақ жылдан бері ел біріншілігінде тәп-тәуір нәтижесімен көзге түсіп үлгерді. Ұлттық құрама жейдесін киіп, бірнеше халықаралық ойындарға қатысты. Еліміздің «Ордабасы», «Каспий» секілді бірнеше клубында тәжірибесін жетілдірді. Ендігі кезекте өз клубының жетістігіне үлкен үлес қосып жүр.

Биыл жастар сапынан жартылай қорғаушы Саят Бақтыбай, Бекзат Құрманбекұлы, Дінмұхамед Рүстемұлы секілді жастар жасыл алаң төрінде көбірек көріне бастады. Жас екеніне қарамастан олардың тәжірибелі қарсыласпен терезесі тең деңгейде ойын көрсетіп жүргені қуантады. Олардың болашағы алда деген ойдамыз.

Оған қоса командада Елжас Алтынбеков, Абылайхан Төлегенов, Нұрдаулет Әмірбек, Бауыржан Мағжан секілді қызылордалық футболшылар бар.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Неке ұзақтығы бойынша ажырасулардың ең көп үлесі (35%) 1-4 жыл некеде тұрған отбасылар арасында, ажырасулардың 25% – 5 жылдан 9 жылға дейін бірге тұрғандар арасында, тағы 8% неке тіркелгеннен кейін бір жыл ішінде ажырасқан. Ал демограф-әлеуметтанушылар: «Ажырасатындардың басым көпшілігі 5 жылға дейінгі, сондай-ақ 20 жылдан астам уақыт отасқан жұптар. Әсіресе, кейінгі жылдары 50 жастан асқан ерлі-зайыптылар арасында некені бұзу жиілеп отыр» дегенді алға тартуда.

Ажырасудың ең жоғары деңгейі ШҚО-да, 1000 адамға шаққанда 3,12 коэффициентімен, сондай-ақ Қарағанды (3,11) және Павлодар (3,09) облыстарында байқалған. Ажырасудың ең төменгі деңгейі Түркістан облысында.

Біздің аймақтағы ахуал да көңіл қуантарлықтай емес. Облыстық көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот әкімшісінің басшысы Дәурен Тайыровтың мәліметінше, биылғы бес айда сотқа ажырасу бойынша 534 арыз түскен, оның 296-сы қанағаттандырылған. 207-сі қараусыз қалдыруға арыз берген. Былтыр 1676 арыз түсіп, оның 958-іне шешім шыққан, оның ішінде 955-інде неке бұзылған, 3 іс бойынша қанағаттандырылған бас тартылған. Ал Азаматтарға арналған Үкімет мемлекеттік корпорациясы облыстық филиалының АХАТ басқармасының мәліметінше, былтыр 4302 неке тіркеліп, 1771 неке бұзылған. АХАТ бөлімі арқылы ажырасатындар – ортақ баласы, мүлкі жоқ ерлі-зайыптылар. Ал ортақ бала немесе мүлік болған жағдайда неке сот арқылы бұзылады.

Сонда бір кезде сүйіп-күйіп қосылған жастардың бір-бірінен оңай жерінетіндей не болды екен? Жастарды жана өмірге бейімдей алмаған ата-ана кінәлі ме әлде қоғам ба? Мүмкін әлеуметтік жағдайдың әсері шығар? Бәлкім, отбасындағы тәрбиенің осалдығы болар? Қалай десек те, өмірдің ашы-тұшысын бірге татып, қуанышта да, қайғыда да бірге болуға серттескен жұбайлардың екі жарылуы, тіпті бір-бірін көрместей болып кетісуі жақсылықтың нышаны емес. Олай болса кімнің кемшілік неде?

Үй бола алмағандар неге көбейді?

Дәстүрлі қазақ отбасында ажырасу деген мүлде жат ұғым болған. Этнографтардың сөзінше, бұл үрдістің бұзылуына түрлі тарихи оқиғалармен қатар әлеуметтік жағдай әсер етті. Ата-ана мен отбасы алдындағы жауапкершілікті сезінбей деген мақсатпен баласының қулағына «Он үште отау иесі» деген аталы сөзді күйіп өсірген қазақ үйін ерте үйлендірген. Алайда қалыңмаз беріп, қыз айттыру дәстүрі 1925 жылы «Қалыңмаз алуды жою туралы» декретпен соң сирей бастады. Сонымен қатар бұл үрдістің бұзылуына өткен ғасырдың 20-жылдарындағы ұжымдастыру, ашаршылық, қуғын-сүргін мен соғыстың ықпалы зор болды. Ал қалыны беріп, қызын алған қазақ құдасымен байланыс орнатып, жастарды жана отбасылық өмірге дайындап, керек болса ақылдарын айтып, ұрыс-керіс шықса бақылап, екі жақты жарастырып отырған. Жастар ауыл ақсақалдары мен үлкендердің сөзінен аспаған. Тентегін тегіз салып, ақылын айтатын ақсақалдардың, отбасындағы жөнсіз ұрыс-керісті болдырмай, үй ішіндегі берекенің ұйытқысы болатын дана кейуаналардың арқасында қазақ отбасында ажырасу деген түсінік болмаған. Отбасы және неке мәселесін зерттеп жүрген этнограф Аманжол Қалпыштың айтуынша, ажырасу өткен ғасырдың 40-50 жылдары кең етек жая бастады.

«Егер 1950 жылдары әрбір жүзінші отбасы ажыраса, 1980 жылдары әрбір төртінші, 1990 жылдары әрбір үшінші отбасында ерлі-зайыптылардың жолдары екі айырылатын болған. 2000 жылдары тіркелген 90873 некенің 27391-і бұзылған. Ал он бір жыл араға салып қарасақ, 2011 жылы үйленген 160517 жұптың 44928-і ажырасқан. Бұл, әсіресе Қарағанды, Павлодар мен солтүстікте, шығыс және орталық аймақтарда қатты белең алған» дейді маман.

1-бет.



немесе ажырасу неге көбейді?

Алайда, жоғарыда айтып өткеніміздей, бүгінде ажырасу елдің барлық өңірінде белең алып отырғаны белгілі. Психологтардың сөзінше, жолдары екіге айырылған ерлі-зайыптылардың саны қаншалықты көп болса, олардың ажырасуына түрткі болған себеп те соншалықты көп. Осыдан 5-10 жыл бұрын мамандар отбасылардың ойран болуына көбіне тұрмыстық зорлық-зомбылық, әлеуметтік жағдайдың қиындығы, жұбайлардың бірінің есірткіге, ішімдікке тәуелділігі, опасыздық, сондай-ақ ерлі-зайыптының ұзақ уақыт бала сүйе алмауы себеп болады десе, қазір оған әйелдердің әлеуметтік белсенділігі арқан сайын, ер-азаматтардың дәстүрлі ролы өзгеріске ұшырап жатыр, балалар ержеткен соң «өз өмірін бастау» синдромы, 50 жастан асқан жұптар арасында орта жастағы дағдарыс, өмірге жанаша қарау, еркіндікке ұмтылу тенденциясы қосылған. Сондай-ақ әйелдердің қаржылық тәуелсіздігі, яғни өз бетінше ақша тауып, күйеуіне күні қарамауы немесе ерінен көп ақша табуы да бүгінде ажырасудың артуына басты себеп ретінде аталауда. Бұл әсіресе, жоғарыда айтылғандай, шаңырақ құрғандарына 15-20 жыл болған ерлі-зайыптылар арасында жиі кездесетін жайт екен.

Расында, әр отбасы белгілі бір даму кезеңдерінен өтеді, әр кезеңде түрлі түйткілерге тап болып, бұрын-соңды мойынға артып көрмеген міндеттер пайда болады. Мысалы, бірінші баланың дүниеге келуі. Өйткені мамандардың пікірінше, көптеген неке осы уақытта бұзылады екен. Сондай-ақ балалар есейген кезде ерлі-зайыптылар өздерін баладан басқа ештеңе байланыстырмайтын ұғады. Ондаған жыл бір шаңырақ астында өмір сүріп келген отбасылардың екіге бөлініп жатқанын естігенде таңғалатынымыз рас. Мұндайда халқымыз «араға шайтан кірген» деп жатады. Міне, психологтардың айтып отырғаны осы болса керек.

Осы материалды дайындауда пікірлескен бірнеше көпбалалы анадың ойынша қазіргі кезде ажырасудың жиілеуіне әлеуметтік желілердегі блогерлердің, әншілердің шалқыған-бырқаған, қызылді-жасылды жылтыраған өмірі, олардың өмір сүру дағдылары да әсер етуде. Сонымен бірге әлеуметтік желі арқылы ақыл айтушы толып жатқан психолог-коучтардың «ата-енеге қызмет етпе, сен олардың шайын беруге, кіріп жууға, қонағын күтуге міндетті емессін, өзің өзін жақсы көруі керек, сенің өз шекараң бар, өз табысыңды тек өзіңе жұмса, жұрттың сөзін тыңдама, пікірімен

санаспа, өзің үшін өмір сүр» деген «ақылдары» жас буынды, әсіресе, қыздарды дұрыс жолдан тайдыруда. Отбасында ұлға да, қызға да ата-ана тәрбиесінің ролі маңызды. Қазір ерін балаларының көзінше беттен алып, төксе шабатын көкбет әйелдер көп, соны көріп өскен қыз да кейін сондай болып шығады немесе әйелін ұрып-соғып, балаларына зәбір көрсететін еркек те өз ұлына соны «күлгі» қылып отырғанын ескеруі керек.

«Анаға тағзым» орталығы жас отбасыларға қолдау көрсетеді

Қоғамдағы ажырасу фактілерінің жыл өткен сайын белең алуының себептері көп десек те, соның ең бастысы – шаңырақ көтеруге ниет білдірген жастардың отбасылық өмірге рухани жағынан дайын болмауы, жастардың ұлттық тәрбиеден, құндылықтардан ажырап қалуы. Бұл – өте өзекті мәселе. Сондықтан қыз балаларды келіндік өмірге дайындаудың, жастарға ұлттық құндылықтарды насихаттаудың, отбасының беріктігін, шаңырақ шаттығын түсіндірудің маңызы зор. Бұл орайда облыс әкімінің қолдауымен ашылған «Анаға тағзым» орталығының берері мол. Өйткені ондағы клуб, студияларда осы олқылықтардың орнын толтыруға барлық мүмкіндік бар.

– Ажырасу – қоғамдағы үлкен қасірет. Қанша неке бұзылса, сонша себеп бар. Менің пікірімше, қазіргі кезде ажырасудың негізгі себебі – жастардың отбасын құруға дайын болмауы. Екі жас отау құруға шешім қабылдағаннан кейін, біз не істейміз, той қамына кірісіп кетеміз. Қыздың жасауын дайындаймыз, құда күту, той өткізудің таусылмас күйбеңімен боламыз. Демек, біздің қызмыз да, ұлмыз да материалдық жағынан дайын болғанымен, рухани жағынан кемшін қалып қояды. Бұрын қыз жөңгесімен сырласатын, жөңгелер бойжеткенді жұбайлық өмірге дайындайтын, аналар ақылын айтатын. Қазір өкінішке қарай, ол жоқ. Шаңырақ көтерген жастарды отбасылық өмірге бейімдейтін – үйдің үлкендері. Жас келіннің келген жеріне сіңіп кетуі сол отбасындағы адамдардың қарым-қатынасына, сыйластығына байланысты көбіне. Осы олқылықтардың орнын біздің орталық толтырып жатса, қуанамыз. Бұл бағытта түрлі шаралар, жобалар қолға алынған. Мәселен, «Жас отау» жас отбасылар клубында ұлт-

тық құндылықтарды насихаттаумен қатар, отау құруға ниетті жастарға отбасылық қарым-қатынастар, сыйластық, құрмет, берік отбасы болудың қыр-сыры жайлы парасаттылық дәрістері өтеді. «Береке» аспаздық студиясында нан коюдан бастап батаға дейінгі дастарқан әдебі, ұлттық тағамдар насихатталады, заманауи ас мәзірлерін дайындау жолдарынан шеберлік сағаттары тағы бар. Ал «Психолог-медиатор» кабинетінде тұрмыс құруға ниетті бойжеткен өзін толғандырып, бірақ ешкімге айта алмай жүрген мәселе шешімін кәсіби психологпен бірге таба алады. «Мирас» әжелер клубы да бар. Өмір көрген ана, әжелеріміз – қашанда даналық көзі, тәрбие мектебі. Ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан қолөнерді кейінгі жасқа аманаттау – ана, әжелеріміздің парызы. Клубтың мақсаты да қыз-келіншектерді өмірге, тұрмысқа икемдеу, бейімдеу.

«Бойтұмар» қыздар клубы жұмыс істейді. Қыз баланың бойындағы әдептілік, ибалылық, мейірімділік сынды қасиеттер кейінгі кезде аза-йып бара жатқандай. Біз қанша жерден өзге мәдениеттерге елітсек те, қанымыздағы ұлттық болмысымыз жоғалмауы керек. Ұлттық болмысымызды сақтай отырып, салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптей де, заманауи үрдіспен ұштастыра да білуіміз керек. Сондықтан, бұл клуб – жасөспірім, бойжеткен қыздардың сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер алатын әдептілік алаңы. Сонымен қатар «DAMY LIFE», «Әлди – Ана», «Үй болам десен...», «Бақыт мекені» жобалары бар, – дейді «Анаға тағзым» орталығының әдістемешісі, «Жас отау» жас отбасылар клубының жетекшісі, Білім саласының үздігі, еңбек ардагері Сәлима Малимова.

Сабыр мен сыйластық бәрін жеңбек

Үйдегі тыныштықтың, түсіністіктің ең негізгі қағидаларының бірі – сырттағы адамдармен қалай сыпайы және жақсы мәміледе болсақ, дәл сондай мәміленің отбасы ішінде де болуы! Сыйластық бар үйде бақ-береке де болады. Бұл – көнеқек-деріміз айтқан тамаша тәміс.

Ертеде бір жас жігіт отбасы ішінде қалай бақыт пен тыныштық орнатуға болатынын іздейді. Адамдар оған «Пәлен ауылда бір шал мен кемпір бар, білес солар біледі бақытты тұрмыстың сырын, өйткені олардың ұрысқанын, бір-біріне дауыс көтергенін әлі ешкім көрген емес» дейді. Жас жігіт әлгі айтылған үйге барып, амаңдасып, хал-жағдай сұрасқаннан кейін үй иесіне келген себебін айттады. Қарт кісі дастарқан басына қонақты жайғастырып отырғызады. Кемпірі дастарқанға бір қауын әкеледі. Қарт кісі қауынға бір қарайды да, кемпіріне: «Бұл қауын онша піспегенге ұқсайды, ауыстырып әкелесің бе» дейді. Әйелі жарайды деп қауынды көріп әкетіп, тағы бір қауын әкеледі. Күйеуі «Бұл да болмады, тағы басқасын көрші» дейді. Әйелі жарайды деп, тағы алып кетеді. Қарт кісі келген қонаққа: «Әйелім онша таңдай алмаса керек, кеттік бірге барып таңдай келейік», деп екеуі біріге ас үйге кіреді. Ас үйге кіргенде бір ғана қауын тұрғанын көреді. Қарт кісі қонаққа қарап: «Отбасы бақытының сырын түсіндің бе?» деп сұрайды. Жас жігіт «түсінбедім» деп жауап береді. «Балам, үйде бір ғана қауын бар еді. Мен білетінмін біреу ғана екенін, менің білетінімді әйелім де білді. Мен қауынды алып кетіп басқасын әкел дегенімде, жарайды деп әкетіп дәл соны қайта әкелді. «Ей, шал, сен алжығанбысың, үйде бір ғана қауын бар, не айтып тұрсың» демеді. Мен бір нәрсе айтқанда әйелім қарсы шықпайды, дереу айтқанымды орындайды. Ол да бір нәрсе айтқанда мен де оның көңілін қалдырмаймын. Сол себепті ұрыс-керіс те болмайды. Отбасы бақытының сыры осы» депті.

Иә, «жұбайлар бар әңгімесі таусылған», ал махаббат таусылмайтын әңгіме» деп ақын Мұхтар Шаханов жырлағандай, отбасында жұбайлардың әңгімесі таусылмай, балалардың бақытты жүздерін мұң шалмағанға не жетсін?!

Айнур БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!
сельское хозяйство – богатство страны внеси вклад, участвуй в развитии!

Ауыл шаруашылығы санағы

1 тамыз-31 тамыз
sanaq.gov.kz сайтында санаққа онлайн түрде қатысу

20 қыркүйек-20 қазан
Үй шаруашылықтарында интервьюерлердің сауалнама жүргізуі

Сельскохозяйственная перепись

1 августа-31 августа
Участие в переписи онлайн на сайте sanaq.gov.kz

20 сентября-20 октября
Проведение опроса домашних хозяйств интервьюерами

1446
www.sanaq.gov.kz

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз

Сыр бойы

www.syrboyi.kz

ЖАРНАМА БӨЛІМІ
70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».	e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы 23717	Тапсырыс №889
Кезекші редактор Айсәуле ҚАРАПАЕВА			